# Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияларды қайтарып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 813 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бұрын лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруды туындатқан себептердің белгіленген мерзімде жойылмауына байланысты қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар қайтарып алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыны орындау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 813 қаулысына қосымша

## Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына қайтарылып алынатын лицензиялардың тізбесі

Ескерту. Тізбеден 2-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.11.05. N 1156 қаулысымен .

| Р/с N | Лицензия (сериясы, нөмірі, берілген күні) | Жер қойнауын пайдаланушы | Лицензияның атауы, жер қойнауын пайдалану объектілерінің орналасқан жері (лицензияны беру сәтіндегі жағдай бойынша) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Сериясы АИ N 388Д 1999 жылғы 10 қыркүйек | "Ингалит" бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі | Атырау облысындағы Индер өзені кен орнының ас тұзын өндіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шектеулі серіктестігі | |
| 2 <*> | | | |
| 3 | Сериясы ГКИ N 845Д (алтын және түсті металдар) 1998 жылғы 19 ақпан | "Бесшоқы" бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Павлодар облысындағы Бесшоқы аймағында алтын және түсті металдарды кейіннен коммерциялық табуларды әзірлей отырып барлау |
| 4 | Сериясы МГ N 181 1995 жылғы 07 маусым | "Кварц" алтын өндіру кәсіпорны | Талдықорған облысының Көксу ауданындағы Далабай кен орнында барланған қорларды геологиялық зерделеу және әзірлеу |
| 5 | Сериясы МГ N 317Д (волластонит) 1997 жылғы 04 желтоқсан | "Волластон-I" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Жезқазған облысының Шет ауданындағы Сюрприз волластонитті кен орнын әзірлеу |
| 6 | Сериясы МГ N 1044Д (алтын) 1996 жылғы 20 қыркүйек | "Ұлжан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Талдықорған облысының Гвардейск ауданындағы Ақжар учаскесінде анықталған коммерциялық табуларды барлау және кейіннен әзірлеу |
| 7 | Сериясы МГ N 333Д (қымбат бағалы және түсті металдар) 1996 жылғы 09 қыркүйек | "Ағадыр" жабық акционерлік қоғамы | Жезқазған облысының Тоқырау-Жаман-Сарысу алаңының шегінде қымбат бағалы және түсті металдарды барлау және кейіннен әзірлеу |
| 8 | Сериясы МГ N 799 (алтын) 1995 жылғы 11 желтоқсан | "Октябрьдің 60 жылдығы" алтын іздеу артелі | Семей облысының Аягөз ауданындағы Барит кен орны алаңын геологиялық зерделеу және барланған алтын қорларын кейіннен өндіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Сериясы МГ N 300 (алтын) 1995 жылғы 11 желтоқсан | "Октябрьдің 60 жылдығы" алтын іздеу артелі | Семей облысының Аягөз ауданындағы Аягөз кен орны аумағын геологиялық зерделеу және барланған алтын қорларын кейіннен өндіру |
| 10 | Сериясы МГ N 700ДД (алтын, мыс) 1997 жылғы 04 желтоқсан | "Би-Эйч-Пи Минералз Интернэшнл Эксплорэйшн Инк" корпорациясы | Қарағанды облысындағы Батыс Балқаш алаңында алтын мен мысты барлау |
| 11 | Сериясы МГ N 1310 (алтын) 1997 жылғы 04 желтоқсан | "Ивикон-Алтын-Инвест" жабық акцио. нерлік қоғамы | Шығыс Қазақстан облысындағы Ақбастау-Қосмұрын аймағының оңтүстік-шығыс бөлігінде алтынды барлау |
| 12 | Сериясы МГ N 214 1995 жылғы 7 сәуір | "Гракс" акционерлік қоғамы | Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданындағы лицензиялық аумақты геологиялық зерделеу, анықталған коммерциялық объектілерде алтын мен сирек металдарды барлау және әзірлеу |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК